

## Республикалық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) берудің ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 мамырдағы N 111 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 27 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1589. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 2 қарашадағы № 478 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.11.02 № 478 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) Бұйрығымен.**

### Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Республикалық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) берудің ережесі (бұдан әрі - **Е р е ж е**) **б е к і т і л с і н .**

1-1. Республикалық мемлекеттік мекемелерді олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан республикалық мемлекеттік мекемелердің балансындағы үй-жайларда орналастыру мүдделі республикалық мемлекеттік мекемелер баланс ұстаушының келісімін жазбаша бергеннен кейін аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің шешімімен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті шешімінің негізінде мүдделі республикалық мемлекеттік мекеме мен баланс ұстаушы арасында коммуналдық қызметтер үшін төлемдер, ағымдағы және күрделі жөндеулерге арналған аударымдар, ғимаратқа қызмет көрсеткені үшін төлемдер тәртібін көздейтін шарт жасалады.<\*>

**Ескерту. 1-1 тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2003 жылғы 1 тамыздағы N 249 бұйрығымен .**

2. "Мемлекеттік тұрғын үй емес қорының объектілерін жалға беру Қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 1998 жылғы 20 қазандағы N 613 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалармен жұмыс істеу жөніндегі басқарма (Ғалиакберова Ә.Б.) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде Ереженің мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасының орынбасары  
Г. Г. Комаровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитеті төрағасының  
2001 жылғы 15 мамырдағы N 111  
бұйрығымен  
Бекітілді

## **Республикалық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру ережесі 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 заң күші бар Жарлығына және басқа нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді және республикалық мемлекеттік мекемелердің балансындағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің және оның аумақтық органдарының иелігіне заңнамада белгіленген тәртіппен түскен объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) берудің негізгі принциптерін, тәртібін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін есептемегенде олардың ведомстволық қарауына қарамастан республикалық мемлекеттік мекемелердің балансындағы үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар, жабдық және өзге де мүлік мүліктік жалға (жалдауға) беру объектілері (бұдан әрі - Объект) деп түсініледі.

3. Ғимараттар - республикалық және әлемдік маңызды санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының ерекше меншігі объектілері болып табылатын тарих пен мәдениет ескерткіштері Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны

сақтау және пайдалану жөніндегі құзыретті мемлекеттік органымен оларды қолдану мен пайдалану шарттарын келісу болғанда мүліктік жалға (жалдауға) беріледі.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен оның аумақтық органдары Объектінің баланс ұстаушысымен келісім бойынша Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беруді жүзеге асырады.

Мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты шарт жағдайларын тиісінше орындағанда ұзартылу құқығымен үш жылдан аспайтын мерзімге жасалады.

## **2. КЕЙІННЕН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ ОБЪЕКТІЛЕРДІ МҮЛІКТІК ЖАЛҒА (ЖАЛДАУҒА) БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ**

5. Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) өтінімдерді республикалық мемлекеттік мекемелерден бастап кез келген заңды және жеке тұлғалар беруі мүмкін.

Өтінімдер Жалға берушіге беріледі.

6. Келіп түскен өтінімдерді қарау және олар бойынша шешім қабылдау бір ай мерзімде өткізіледі.

7. Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы келіп түскен өтінімдер мынадай құжаттар:

- 1) Объектіге қажеттіліктің техника-экономикалық негіздемесі;
- 2) құрылтайшылық құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);
- 3) төлқұжат немесе жеке тұлғаны куәландыратын өзге де құжат (жеке тұлғалар үшін) болғанда қарастырылады.

8. Жалға беруші өтінімді және ұсынылған құжаттарды қарастырудың нәтижелері бойынша мынадай:

- 1) Объектіні мақсатты пайдалануы бойынша мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы;
- 2) осы Объект бойынша Жалдаушының тендерлік іріктеуін өткізу туралы;
- 3) жазбаша себептерін көрсете отырып бас тарту туралы шешімдердің біреуін қабылдайды.

Өтінішкерлерге қойылатын талаптарды қанағаттандыратын екі не одан көп өтінім болса, Объектіні мүліктік жалға (жалдауға) тендердің қорытындылары бойынша ғана берілуі мүмкін.

9. Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитеттері 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісім

бойынша мақсатты пайдалануы бойынша Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде Объектілердің орналасқан жері, түрі, жай-күйі, сондай-ақ мақсаты ескерілген жалдау ақысының есептеу ставкалары мен көтеріліп отыратын (төмендеп отыратын) коэффициенттердің мөлшерлері аймақтық жағдайларды ескере отырып анықтайды және бекітеді. <\*>

**Ескерту. 9 тармақ толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2003 жылғы 1 тамыздағы N 249 бұйрығымен .**

10. Жалға беруші тендер өткізу туралы шешім қабылдау кезінде:

1) тендер өткізілетін күн мен орнын, оның шарттарын, сондай-ақ тендер жеңімпазын таңдау өлшемдерін анықтайды;

2) тендерлік құжаттаманы бекітеді;

3) тендерлік комиссияны қалыптастырады;

4) кепілдік жарналарды қабылдайды;

5) тендерлік комиссия отырыстарының хаттамаларын бекітеді;

6) тендер жеңімпазымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасуды қамтамасыз етеді;

7) тендер аяқталғаннан кейін осы Ереженің 27-тармағымен белгіленгеннен басқа жағдайларда, тендерге қатысушыларға кепілдік жарналарды қайтарады;

8) тендерді өткізуге қажетті өзге функцияларды жүзеге асырады.

11. Тендерді ұйымдастырушы ретінде тендерлік комиссия әрекет етеді.

12. Тендерлік комиссияның құрамына Жалға берушінің, баланс ұстаушының, өзге де мүдделі ұйымдардың өкілдері енгізіледі, сондай-ақ тәуелсіз мамандар мен сарапшылар қатыстырылуы мүмкін. Жалға берушінің өкілі Комиссияның төрағасы болып табылады.

13. Комиссияның құрамы Жалға берушінің бұйрығымен бекітіледі.

14. Тендерлік комиссия мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) Жалға беруші белгілеген мерзімде және Объект туралы ол ұсынған деректердің негізінде жалдау ақының ставкасы негізгісі болып табылатын тендердің шарттарын әзірлейді;

2) тендерлік құжаттаманы және тендер жариялау үшін басқа да қажетті құжаттарды дайындайды;

3) тендер өткізеді;

4) қажет болған жағдайда тендерлік және басқа қажетті құжаттаманы дайындау, өтінімдерді жинау және талдау бойынша жұмысты өткізу жөніндегі мамандар мен сарапшылар тартады;

5) тендерлік комиссия отырысының тендер қорытындылары бойынша тендер жеңімпазын анықтаған тұжырымы немесе өзге де шешім бар хаттамасын ресімдейді;

6) осы Ережемен көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

15. Жалға беруші тендер құжаттамасының нақты тәртібін, құрамын және дайындаудың шарттарын анықтайды.

16. Жалға беруші мемлекеттік және орыс тілдерінде тендер өтуіне дейін кемінде 15 күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында тендер өткізу туралы хабарламаның жариялануын қамтамасыз етеді.

17. Тендер өткізу туралы хабарламада:

- 1) тендер объектісінің қысқаша сипаттамасы;
- 2) мүліктік жалдың (жалдаудың) мерзімі;
- 3) кепілдік жарнаны енгізудің мөлшері, мерзімдері мен тәртібі;
- 4) тендердің шарттары және жеңімпазды таңдау өлшемдері;
- 5) тендер өткізілетін күн, уақыты мен орны;
- 6) тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдаудың мекен-жайы, мерзімдері;
- 7) тендерге қатысуды ресімдеу тәртібі туралы мәлімет;
- 8) тендерге қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;

9) тендерлік құжаттаманы алатын және тендер объектісімен танысатын мекен-жай, мерзімдері мен шарттары;

10) Жалға берушінің ұйғарымы бойынша басқа ақпарат болуы тиіс.

18. Тендерлік құжаттама тендерге қатысушының жазбаша сұрауы бойынша, тендер комиссиясы белгілейтін тәртіппен жиынтықта ұсынылады.

19. Тендерлік құжаттама мынадай негізгі бөлімдерден тұруы тиіс:

- 1) тендер объектісі туралы мәлімет;
- 2) өтініммен және онымен бірге ұсынылатын құжаттардың мазмұны бойынша талаптар;
- 3) тендер өткізудің шарттары мен тәртібі;
- 4) тендер жеңімпазын таңдау өлшемдері;
- 5) мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының жобасы;
- 6) тендерге қатысуға өтінімнің үлгісі.

20. Тендерге қатысушыларды тіркеу тендер өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен басталады және тендер өткізілетін күнге үш күн бұрын аяқталады.

21. Жалға беруші тендер өткізу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін Объектілер және тендер өткізу ережесі туралы ақпаратқа барлық ниет білдірушілердің еркін қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

22. Үміткер тендерге қатысу үшін Жалға беруші белгілеген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) үміткердің тендерге қатысуға келісімі және оның тендер шарттарын орындау мен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасу жөніндегі міндеттемесі бар тендерге қатысуға өтінім;

- 2) желімделген конвертте тендердің шарттары бойынша ұсыныстар;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары - жарғының, заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің, статистикалық карточканың нотариалдық куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ өкілдерінің өкілеттіктерін растайтын құжат;
  - 4) шетелдік заңды тұлғалар орыс тіліне нотариалды расталған аудармасымен бірге құрылтайшылық құжаттарды ұсынады;
  - 5) жеке тұлғалар - төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжат;
- б) кепілдік жарнаның аударылғанын растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі;
  - 7) бюджет алдында берешегі жоқ туралы мәлімет;
  - 8) хабарламада көрсетілген өзге де құжаттар.

23. Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) өтінімдерді кез келген заңды және жеке тұлғалар беруі мүмкін. Өтінімдер Жалға берушіге беріледі.

24. Тендерге қатысушылар тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімдер мен тәртіпте және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалға берушінің депозиттік шотына кепілдік жарна енгізеді. Кепілдік жарнаның мөлшері хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертілмейді. Жалға беруші кепілдік жарнаны алушы болып табылады.

25. Тендерге қатысу үшін кепілдік жарна Объектінің баланстық құнынан 1-ден бастап 5 пайыз мөлшерінде (Жалға берушінің ұйғарымы бойынша) белгіленеді.

26. Кепілдік жарна тендерге қатысушының мынадай міндеттемелерінің:

- 1) тендерде жеңіс жағдайында тендердің нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдың;
- 2) тендер нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасудың қамтамасыз етілуі болып табылады.

27. Тендерде жеңген және мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасқан тендерге қатысушының кепілдік жарнасы мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатады.

28. Жалға беруші кепілдік жарнаны:

1) тендерге қатысушыға - тендер өткізуге үш күн бұрын оған қатысудан жазбаша бас тартқан жағдайда;

2) жеңімпазға - тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасудан бас тартқан жағдайда қайтармайды.

Қалған барлық жағдайларда кепілді жарналар тендер аяқталған күннен бастап 10 банктік күннен кешіктірмей мерзімде, ал егер Жалға берушінің шотына ақша

тендер өткеннен кейін түссе, олар түскен күннен бастап 10 банктік күннен кешіктірмей қайтарылады.

29. Тендерге қатысушы кепілдік жарнаның кез келген санын енгізуге құқылы, бұл ретте бір кепілдік жарна бір Объектіге тендерге қатысу құқығын береді.

30. Өтінімдерді қабылдау және тендерге қатысуға ниет білдірген тұлғаларды тіркеу қажет етілетін құжаттардың толық жиынтығы болғанда өткізіледі.

### 31. Тендерге қатысушының:

1) тендерге өзі немесе тиісті түрде ресімделген сенімхаттың негізінде өзінің өкілдері арқылы қатысуға;

2) тендерге шығарылатын Объект бойынша қосымша мәліметтерді, нақтылауларды тегін алуға;

3) Объектіні алдын-ала қарауға;

4) оның құқықтары бұзылғанда сотқа жүгінуге;

5) бұл туралы Жалға берушіге жазбаша хабарлай отырып, тендердің басталуына үш күн бұрын өз өтінімін шақыртып алуға құқығы бар.

32. Егер өтінімдерді қабылдау мерзімінің аяқталу сәтінде бір ғана өтінім тіркелген болса (екінші және келесі тендерлерді қоспағанда), тендер өтпеді деп танылады.

33. Тендер өтетін күні отырыста тендерлік комиссия тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конверттерді ашады және олардың ұсыныстарын жариялайды.

Конверттерді ашу алдында комиссия олардың бүтіндігін тексереді, бұл тендер комиссиясы отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Конверттерді ашу және ұсыныстарды жариялау кезінде тендердің қатысушылардың немесе олардың тиісті дәрежеде уәкілеттік берілген өкілдерінің қатысуға құқықтары бар.

34. Тендерлік комиссия ұсынылып отырған ұсыныстардың тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексереді. Ұсынылып отырған ұсыныстар тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес болмаған жағдайда көрсетілген ұсыныстар одан әрі қарауға жатпайды және мұндай өтінім берген тұлға тендердің қатысушы мәртебесін жоғалтады, бұл тендерлік комиссия

отырысының хаттамасында көрсетіледі.

35. Тендерлік комиссия конверттерді ашып, ұсыныстарды жариялағаннан кейін ұсыныстарды талқылау және бағалау үшін кеңесуге кетеді.

Тендердің қатысушылардың (олардың өкілдерінің) ұсыныстарды талқылау және бағалау кезінде қатысуға құқықтары жоқ.

36. Тендерлік комиссияның шешімі қатысып отырған комиссия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады, дауыстар тең болған ретте тендерлік комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

37. Тендерлік комиссияның отырыстары, егер оларға тендерлік мүшелерінің 2/3-сі қатысса, заңды болып табылады.

38. Тендерлік комиссияның шешімі бойынша тендер объектісін пайдалану үшін жалдау ақысының ең жоғары сомасын ұсынған және тендерлік құжаттамадағы барлық талаптарға жауап беретін тендердің қатысушысы тендер жеңімпазы деп танылады.

39. Тендерлік комиссияның тендер қорытындылары бойынша тендер жеңімпазын анықтайтын тұжырымы немесе өзге шешімі тендерлік комиссия мүшелері қол қоятын және жалға беруші бекітетін хаттамамен ресімделеді.

Тендер жеңімпазын айқындайтын хаттамаға тендерді жеңіп алушы тұлға да қ о л қ о я д ы .

40. Х а т т а м а д а :

- 1) тендер объектісі туралы мәлімет;
- 2) объектінің атауы;
- 3) объектінің техникалық сипаттамасы;
- 4) тендердің шарттары;
- 5) тендерге қатысушылар мен олардың ұсыныстары туралы мәлімет;
- 6) тендерге қатысушылардың тізімі;



7) жалдау ақысының ұсынылып отырған ставкалары;

8) тендердің жеңімпазы;

9) мүліктік жалға (жалдауға) беру шартына қол қою жөніндегі тараптардың міндеттемелері болуы тиіс.

41. Тендер нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі тендердің жеңімпазына беріледі және оның мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасуға құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

42. Тендердің нәтижелері туралы хаттаманың негізінде тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда жеңімпазбен мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты жасалады қоса беріліп отыр.<\*>

**Ескерту. 42 тармақ толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2003 жылғы 1 тамыздағы N 249 бұйрығымен .**

43. Жалдаушымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты тендер хаттамасына қол қойылған күннен немесе Жалға беруші Объектіні мақсатты пайдалану үшін мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы шешім қабылдаған күннен 10 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жасалады, осыдан кейін баланс ұстаушы 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде Жалдаушыға Объектіні қабылдау-өткізу кесімі бойынша береді.

Жалға беруші қабылдау-өткізу кесімін бекітеді.

44. Тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда тендер объектісін мүліктік жалға беру шартын жасасудан жеңімпаз бас тартқан жағдайда, жалға беруші жеңімпазды тендерге қатысушылардың қалғандарының ішінен (егер қалғандарының саны кемінде екі болса) анықтауға не жаңадан тендер өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

45. Мүліктік жалға (жалдауға) беру шартында міндетті түрде мынадай ережелер болуы тиіс:

1) Объектінің техникалық сипаттамасы;

2) Жалдаушыға жалға берілген мүліктің тапсырылатын мерзімі мен шарттың қолданылу мерзімі;

3) жалдауға алынған мүлікті пайдалану ақысын енгізу тәртібі, мөлшері және мерзімдері ;

4) Жалға берушінің міндеттері:

баланс ұстаушының шарт белгілеген мерзімде Объектіні қабылдау-өткізу кесімі бойынша Жалдаушыға беруін қамтамасыз ету;  
шарт белгілеген тәртіппен Жалдаушының Объектіні иеленуі мен пайдалануына кедергі болатын іс-қимыл жасамауға;

5) Жалдаушының міндеттері:

объектіні тиісті тәртіпте ұстау, объектіге немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін әрекеттер жасамау;

мүлікті түзу жағдайда ұстау, егер өзгесі заңнамамен немесе шартпен көзделмесе өз есебінен ағымдағы жөндеуді және мүлікті ұстау жөніндегі шығыстарды көтеру ;

жалға берушінің алдын-ала жазбаша рұқсатынсыз объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта жоспарлауды немесе қайта жабдықтауды жүзеге асырмау ;

жалға берушінің, санитарлық қадағалау қызметінің және ғимараттарды пайдалану және ұстау-күту тәртібіне қатысты заңнама мен өзге де нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдар өкілдерінің объектіге және оған жақын орналасқан жер учаскесіне кіруіне рұқсат беру, көрсетілген олқылықтарды олар белгілеген мерзімде жою;

Жалға берушінің келісімімен ғана Объектіні ішкі жалдауға (қосалқы жалгерлікке) беруге, мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға (қайта жалдауға) беруге, Объектіні ақысыз пайдалануға беруге тиіс. Жалдаушы шарт бойынша көрсетілген жағдайларда қайта жалдауды есептемегенде, Жалға берушінің алдында жауапты болып қалады ;

мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты бойынша өз құқықтарын кепілге бермеуге немесе, оларды салым ретінде шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде енгізбеуге ;

шарт белгілеген мөлшерде, мерзімдерде және тәртіппен жалдау ақысын енгізуге ;

шарт белгілеген мерзімде Объектіні қанағаттанарлық жағдайда қайтаруға;

б ) м ы н а л а р :

Жалдаушының заңды тұлға ретінде таратылуы;

Жалдаушының мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының жағдайларын  
б ұ з у ы ;

заңнамалық кесімдермен немесе шартпен көзделген жағдайларда Жалға берушінің немесе Жалдаушының талабы бойынша;  
егер Жалдаушы шартпен белгіленген төлеу мерзімі аяқталғанда екіден көп уақыт мүлікті пайдалану үшін төлемді енгізбесе;

Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе шарт көздеген өзге де жағдайларда шартты мерзімінен бұрын бұзудың негіздемелері мен шарттары  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

46. Бір жылдан астам мерзімге жасалған мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты мемлекеттік тіркелуге жатады.

47. Сәулет, тарих және мәдениет ескерткіштерін мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде мүліктік жалға (жалдауға) беру шартына объектіні сәулет, тарих және мәдениет ескерткіші ретінде сақтауға бағытталған ережелер қосымша  
қ о с ы л а д ы .

48. Республикалық меншіктегі тарих, сәулет және мәдениет ескерткіштерін мақсатты пайдалануы бойынша мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

49. Мүліктік жалға (жалдауға) беру шартында ескерілетін дүркінді немесе бір жолғы енгізілетін төлемдердің тұрлаулы сомасында барлық жалданатын мүлік үшін тұтастай немесе оның құрамдас бөлігінің әрбірі үшін бөлек белгіленеді.

Ғимараттағы үй-жайлардың бір бөлігін жалдау үшін төлемді есептеу кезінде жалпы пайдаланатын орындарға жылысталуды Жалдаушы осы алаңдарды үлестік пайдалануына үйлесімді ескеру қажет.

4 9 - 1 . < \* >

Ескерту. 49-1 тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2003 жылғы 1 тамыздағы N 249 бұйрығымен .

Ескерту. 49-1 тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2004 жылғы 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 8 бұйрығымен .

50. Мүліктік жалға (жалдауға) беру үшін төлемге коммуналдық қызмет көрсетулер үшін төлемдер, ағымдағы және күрделі жөндеуге аударымдар, Объектіге қызмет көрсетуге арналған төлемдер кіргізілмейді. Жалдаушы бұл

төлемдерді ведомстволық қорғауға, пайдалану, коммуналдық, санитарлық және басқа қызметтерге тікелей төлейді.

51. Мүлікті пайдалану үшін жалдау ақысының ставкалары егер өзгесі мүліктік жалға (жалдауға) беру шартымен көзделмесе, жылына бір реттен жиі өзгертілмейді.

52. Жалдау ақысы республикалық бюджетке аударылады.

53. Егер Жалдаушы өз қаражатының есебінен және Жалға берушінің келісімімен Объект үшін зиянсыз ажырамайтын жақсартулар жасаса, шарт тоқтатылғаннан кейін, егер Жалға беруші шартпен өзгесі көзделмесе, осы жақсартулардың құнын толтыруға құқылы.

Егер өзгесі шартпен көзделмесе, Жалдаушы өткізген ажырайтын Объектілерді жақсартулар оның меншігі болып табылады.

Егер өзгесі заңнамалық кесімдермен немесе шартпен көзделмесе, Жалдаушы Жалға берушінің келісімінсіз өткізген ажырамайтын жақсартулардың құны толтырылуға жатпайды.

54. Баланс ұстаушы Объектіні Жалдаушыға Жалға берушінің қатысуымен:

1) кесім жасалған орын мен күн;

2) өкілдер оларға сәйкес тараптардың мүдделерін білдіруге уәкілетті құжаттардың атауы мен реквизиттері;

3) Объект оған сәйкес берілуі өткізілетін мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының нөмірі мен қол қойылған күні;

4) берілетін Объектінің анықталған бұзылғандықтардың тізімімен бірге техникалық жағдайы;

5) тараптардың мөрлерімен расталған өкілдердің қолдары көрсетілген қабылдау-өткізу кесім бойынша беруін жүзеге асырады.

55. Қабылдау-өткізу кесімі мемлекеттік және орыс тілдерінде алты данада жасалады, оның екеуі Жалға берушіде, екеуі баланс ұстаушыда сақталады және екеуі Жалдаушыға тапсырылады.

### 3. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

56. Осы Ережемен реттелмеген барлық мәселелер бойынша мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының тараптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

57. Объектіні мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде туындайтын даулар тараптардың өзара келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қарастырылады.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Мемлекеттік  
мүлік және жекешелендіру  
комитетінің  
2001 жылғы 15 мамырдағы  
N 111 бұйрығымен бекітілген  
Республикалық мемлекеттік  
мекемелердің балансындағы  
объектілерді мүліктік жалға  
(жалдауға) беру ережесіне  
1-қосымша <\*>

**Ескерту. 1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2003 жылғы 1 тамыздағы N 249 бұйрығымен .**

"Келісілді"

"Бекітемін"

Қазақстан Республикасының \_\_\_\_\_ аумақтық меммүлік  
Қаржы министрлігі Меммүлік және жекешелендіру комитетінің  
және жекешелендіру комитетінің \_\_\_\_\_ төрағасы  
т ө р а ғ а с ы

(қолы)

(аты-жөні)

(қолы)

(аты-жөні)

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

М.О.

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

М.О.

**Жалдау ақысының есеп айырысу мөлшерлемесі мен республикалық мемлекеттік мекемелердің балансындағы мемлекеттік тұрғын үйге жатпайтын қор объектілерін мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде қолданылатын коэффициенттердің мөлшері**

1 шаршы метр үшін жалдау ақысының есеп айырысу мөлшерлемесі жылына \_

т е н г е

— — — — —

N р/с	Коэффициенттер түрі	Коэффициент мөлшері
----------	---------------------	---------------------

1. Инфляция коэффициенті

2. қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент (техникалық жай-күйі мен инженерлік байланыстардың бар болуын ескереді):
- барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін
  - орталық жылу және ыстық сумен қамтамасыз ету болмаған жағдайда
  - су құбыры және/немесе кәріздендіру және көркейтудің

басқа да түрлері болмаған жағдайда

3. Аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент:
- қала орталығы
  - қала шеті
  - кент (аудандық орталық) орталығы
  - кент (аудандық орталық) шеті

- село (ауыл)

4. Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент:
- банктер, биржалар, ресторандар, казино, ойын үйлері мен бильярд клубтары үшін
  - қызметтері бағалы қағаздар рыногымен байланысты сақтандыру, инвестициялық компаниялар мен ұйымдар, айырбас орындары, ломбардтар, кафе, барлар, клубтар (компьютерліктен басқа), жанар май құю станциялары, жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін
  - ойын автоматтарын орнату мен компьютерлік клубтарды құру үшін
  - сауда-сатып алу (делдалдық)

қызметтерді қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін мемлекеттік кәсіпорындар мен шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - коммуналдық мемлекеттік мекемелер үшін - қалғандары үшін

---

**Е с к е р т у :**

Жабдықтар мен автокөлік құралдарын мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде жалдау ақысының есеп айырысуы мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_{п} = C \times N_{am} / 100 \times K_{и} \times K_{п}$$

м ұ н д а :

$A_{п}$  - жылына жабдықтар мен көлік құралдары үшін жалдау ақысы;

$C$  - бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық сомасы.

100 пайыз тозуы есепте отырып жабдықтар мен көлік құралдарын мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде құны бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

$N_{am}$  - "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 110-бабына сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

$K_{и}$  - инфляция коэффициенті, мына формула бойынша анықталады:

$$K_{и} = U_{и} / 100$$

м ұ н д а :

$U_{и}$  - Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі айқындайтын, өткен тоқсанға қатысты инфляция деңгейі;

$K_{п}$  - төмендету коэффициенті (жабдықтар мен көлік құралдары алпыс пайыздан аса тозу кезінде қолданылады - 0,8 мөлшерінде, сауда-сатып алу (делдалдық) қызметтерді қоспағанда өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде - 0,5 мөлшерінде).

---

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Мемлекеттік  
мүлік және жекешелендіру  
комитетінің  
2001 жылғы 15 мамырдағы  
N 111 бұйрығымен бекітілген

Республикалық мемлекеттік  
мекемелердің балансындағы  
объектілерді мүліктік жалға  
(жалдауға) беру ережесіне  
2-қосымша <\*>

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті  
төрағасының 2003 жылғы 1 тамыздағы N 249 бұйрығымен .

## ҮЛГІЛІК НЫСАН МҮЛІКТІК ЖАЛ (ЖАЛДАУ) ШАРТЫ

\_\_\_\_\_

(объект атауы)

\_\_\_\_\_ қ. N \_\_\_\_\_ 200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Бұдан әрі "Жалға беруші" деп аталатын Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің  
200 \_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген  
\_\_\_\_\_ аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру  
комитеті туралы ереженің негізінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_ (аумақтық комитеттің атауы)  
аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің атынан  
Төраға \_\_\_\_\_ бір тараптан және бұдан әрі "Жалдаушы" деп  
( а т ы - ж ө н і )

аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ екінші  
(жалдаушының атауы) (аты-жөні)  
тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар, мына  
төмендегі туралы осы шартты жасасты.

### 1. Шарттың мәні

1. Бұдан әрі "Объект" деп аталатын, \_\_\_\_\_  
( балан с ұ с т а у ш ы )  
балансындағы \_\_\_\_\_  
(орналасқан жері мен Объектінің қысқаша сипаттамасы)  
мекен-жайында орналасқан \_\_\_\_\_ :  
( объект і н і ң а т а у ы )



1) \_\_\_\_\_ аумақтық комитеттің 200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
N\_\_\_\_\_ бұйрығының негізінде;  
(аумақтық комитеттің атауы)

2) 200 \_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ хаттамалық  
шешімге сәйкес тендер нәтижелері бойынша) мүліктік жалға беру  
Шарттың мәні болып табылады.

2. \_\_\_\_\_ мақсаттарда пайдалану үшін 200\_  
(Объектінің тағайындалымы, не тендер шарты)  
жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап 200\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ аралығында  
Объектіні Жалға беруші береді, ал Жалдаушы қабылдап алады.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін осы шарттың қолданылуы  
тоқтатылады.

## **2. Жалпы шарттар**

3. Объектіні жалдауға беру-қабылдап алу (беру сәтінде объектінің іс  
жүзіндегі жай-күйін көрсете отырып) акт бойынша жүзеге асырылады, оған  
Жалдаушының, баланс ұстаушының өкілдері қол қояды және Жалға беруші  
бекітеді және осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Шартқа қол қою арқылы Жалдаушы мен баланс ұстаушы өзгелерден басқа,  
беру сәтінде берілетін Объектінің кепілдікке қойылмағандығын,  
сатылмағандығын, тыйым салынбағандығын және шартқа қатысы жоқ  
тараптардың қандай-да бірімен шарттың қолданылу кезінде талап етілмейтіндігін  
к у ә л а н д ы р а д ы .

5. Тараптардың заңды мәртебесінің не ұйымдық-құқықтық нысанының  
өзгеруі шарттың мәнін өзгертпейді және тараптар шартты бұзу ниетін білдірген,  
оны өзгерту не құқық нормалары қайта оны ресімдеуді талап еткен жағдайларды  
қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттемелер тиісті құқықтық мирасқорларға  
беріледі. Бұл ретте тараптар қайта тіркелу фактісінен кейін заңды мәртебесінің  
өзгергендігі туралы бір-бірін ақпараттандыруға міндетті.

6. Бір жылдан астам мерзімге жасалған шарт мемлекеттік тіркелуге жатады  
және мұндай тіркеу сәтінен бастап жасалды деп саналады.

Шартты мемлекеттік тіркеу Жалдаушы қаражаты есебінен жүзеге асырылады

### 3. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

#### 7. Жалға берушінің:

1) баланс ұстаушымен келісім бойынша Объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға Жалдаушыға жазбаша рұқсат беруге;

2) Шарттың 10-тармақ 1) тармақшасымен белгіленген жалдау ақысын аударудың уақытылылығына бақылауды жүзеге асыруға;

3) жалдау ақысын уақытылы енгізілмегені үшін өсімпұлды есептеуге;

4) Тараптардың келісімі бойынша Шартты ұзартуға, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

5) Объектінің мақсатты пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

#### 8. Жалдаушының:

1) жалдау ақысын аванс арқылы төлеуге;

2) баланс ұстаушының жазбаша келісімімен Объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға рұқсат үшін Жалға берушіге өтініш жасауға;

3) Жалға берушіге Шартты ұзарту, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынысты енгізуге құқығы бар.

#### 9. Жалға беруші:

1) Объектіні мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қабылдап алу-беру мен оны бекіту актісі бойынша Жалдаушыға баланс ұстаушының Объектіні беруін қамтамасыз етуге;

2) Шартпен белгіленген тәртіпте Жалдаушының Объектіні иелену және пайдалануына кедергі келтірмеуге;

3) Шарт ережелерін немесе жалдау ақысының мөлшерін өзгерткен жағдайда бұл туралы жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін Жалдаушыға х а б а р л а у ғ а ;

4) Жалдаушыға жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін 10 күннен кешіктірмей мерзімі өткен төлемдер үшін өсімақылар мен айыппұлдар есептегені туралы хабарламаны жіберуге міндетті.

1 0 . Ж а л д а у ш ы :

1) \_\_\_\_\_ кешіктірмей жалдау ақысын, (жалдау ақысын төлеу мерзімдері) сондай-ақ басқа да төлемдерді (айыппұлдарды, өсімақыларды) төлеуге;

2) жалдау ақысын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлегеннен кейін 3 күн ішінде төлем тапсырмаларының (түбіртектердің) көшірмесін бере отырып, тоқсан сайын Жалға берушімен есеп айырысуға салыстыруды жүргізуге;

3) қабылданған Объектіні Шартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға;

4) Объектіні тиісінше тәртіпте ұстауға, Объектіге немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға;

5) Жалдаушының кінәсінен және табиғи тозуға байланысты Объектінің жекелеген элементтері қалыптан шыққан жағдайда өз қаражаты есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге ;

6) Жалға берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз Объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруды немесе қайта жабдықтауды жүзеге асырмауға ;

7) Объектіге және оған шектес жатқан жер учаскелеріне Жалдаушының, санитарлық қадағалау қызметі және Объектіні пайдалану мен қолдануға қатысты заңдар мен өзге де нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін кедергісіз жіберуге, олар белгілеген мерзімдерде тіркелген бұзушылықтарды жоюға ;

8) Шарт бойынша өз құқықтарын бермеуге, оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе

өндірістік кооперативке жарна ретінде салмауға;

9) жалдау шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай ішінде Объектіні жалдауды ұзарту ниеті туралы жазбаша өтініш беруге. Мұндай өтініштің болмауы Жалға берушінің Объектіні басқа заңды немесе жеке тұлғаларға жалға (жалдауға) беруге негіз береді;

10) Шартты бұзған жағдайда Жалдаушы мен баланс ұстаушы қолдарын қойған және Жалдаушы бекіткен қабылдап алу-беру акті бойынша баланс ұстаушыға 10 күнтізбелік күні ішінде Объектіні қайтаруды қамтамасыз етуге;

11) Объектіні жұмыс істемейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйде (нормативтік көрсеткіштерден асатын тозумен) қайтарған жағдайда шығынды өтеуге міндетті.

#### **4. Жалдау ақысы мен есеп айырысу тәртібі**

11. Объектіні мүліктік жал үшін жалдау ақысының мөлшері айына \_\_\_\_\_ теңгені құрайды (жалдау ақысының есебі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосымшада келтірілген).

12. Мүліктік жал үшін ақы коммуналдық қызметтер үшін төлемдерді, ағымдағы және күрделі жөндеуге арналған аударымдарды, Объектіге көрсетілген қызметтер үшін төлемдерді қамтымайды. Бұл төлемдерді Жалдаушы тікелей бағынысты қорғау, пайдалану, коммуналдық, санитарлық және қызметтер көрсететін басқа да қызметтерге не баланс ұстаушымен Шарт бойынша төлейді.

13. Жалдаушы жалдау ақысын, сондай-ақ басқа да төлемдерді (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) \_\_\_\_\_ кешіктірмей КБЕ (жалдау ақысын төлеу мерзімдері) \_\_\_\_\_ бюджет сыныптамасының коды 201228 (төлем тапсырмасында міндетті түрде бюджет сыныптамасының коды көрсетілсін), \_\_\_\_\_ Қазынашылық басқармасы, БСК \_\_\_\_\_, СТН \_\_\_\_\_ бойынша Салық комитетінің есеп айырысу шотына аударды.

14. Жалдау ақысының мөлшері статистика органдарының деректері бойынша инфляция индексіне сәйкес түзетіледі, бұл ретті Жалға беруші Жалдаушыны

жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін 30 күннен кешіктірмей жалдау ақысының өзгергендігі туралы Жалдаушыға жазбаша хабарлайды.

15. Шарттың 10-тармақ 1) тармақшасында көзделген жалдау ақысын төлеудің мерзімін Жалдаушы бұзған жағдайда Жалдаушы әрбір мерзімі өткен күн үшін төленбеген сомадан 0,5% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

16. Жалдаушы Объектіні мақсатқа сай емес пайдаланғаны үшін, сондай-ақ Жалға берушінің келісімінсіз Объектіні субарендаға бергені үшін Жалдаушы мүліктік жал (жалдау) үшін жылдық жалдау ақысы сомасынан \_\_\_\_\_ пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді.

17. Жалдаушының бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда аванспен төленген жалдау ақысы қайтарылмайды.

## **5. Шартты бұзу шарты**

18. Жалдаушы шартты бұзғанға дейін бір айдан кешіктірмей бұл туралы Жалға берушіні жазбаша ескерте отырып Шартты мерзімінен бұзуға құқылы.

19. Жалға берушінің бастамасы бойынша мынадай жағдайларда Шарт мерзімінен бұрын бір тарапты бұзуға жатады:

- 1) Жалдаушы заңды тұлға ретінде таратылған;
- 2) Жалдаушы мүліктік жалдау шартының ережелерін бұзған;
- 3) заң актілермен және Шартпен көзделген жағдайларда Жалдаушы мен Жалға берушінің талабы бойынша;
- 4) егер Жалдаушы шартпен белгіленген төлемақы мерзімінен екі реттен астам мүлікті пайдаланғаны үшін ақы төлемесе;
- 5) оның жазбаша келісімімен объектіні басқа Жалдаушыға берсе;
- 6) егер мүліктік жалға берілетін Объекті жекешелендіруге берілген жағдайда;

7) Жалға берушінің атына жазылған баланс ұстаушының жазбаша өтініші  
б о й ы н ш а ;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен көзделген өзге  
д е ж а ғ д а й л а р д а .

21. Шартты мерзімінен бұрын бір тарапты бұзу сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін. Сот шешімі күшіне енгенге дейін Объекті Жалдаушыда қалдырылады, ол Шартқа сәйкес жалдау үшін ақы төлеуді жалғастырады.

## **6. Ерекше жағдайлар**

22. Шарт заңдық күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалады, оның біреуі - Жалға берушіде және біреуі - Жалдаушыда  
қ а л д ы р ы л а д ы .

23. Шартқа өзгерістер мен толықтырулардың күші болады, егер оларды оған  
у ә к і л е т т і т ұ л ғ а л а р ж а с а с а .

24. Егер Жалдаушы өз қаражаты есебінен баланс ұстаушының келісімімен және Жалға берушінің жазбаша рұқсатымен Объекті үшін зиянсыз ажырамас жақсартулар жасаған жағдайда Жалдаушы Шарт тоқтатылғаннан кейін осы жақсартулардың құнын баланс ұстаушы арқылы өтеуге құқығы бар.

Жалдаушы жасаған Объектінің бөлек жақсартулары оның меншігі болып  
т а б ы л а д ы .

Жалға беруші мен баланс ұстаушының келісімінсіз Жалдаушы жасаған ажырамас жақсартулардың құны өтеуге жатпайды.

## **7. Дауларды қарау тәртібі**

25. Осы Шарттан немесе оған байланысты Тараптар арасында туындауы мүмкін даулар келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда - сот тәртібімен шешіледі.

## **8. Тараптардың заңды мекен-жайлары**

"ЖАЛҒА БЕРУШІ":

"ЖАЛДАУШЫ":

---

( а у м а қ т ы қ

к о м и т е т т і ң

а т а у ы )

мемлекеттік  
жекешелендіру  
т ө р а ғ а с ы

м ү л і к  
ж ә н е  
к о м и т е т і н і ң

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(орналасқан жері)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Жалдаушының атауы мен  
орналасқан жері)

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)